Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №746732/2022/1

29.09.2022 жылғы

"Кен-Құрылыс-Сервис" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №1521037766 05.01.2022 бастап, негізінде әрекет ететін Директордың өндіріс бойынша орынбасары Биманов Абдирахман Аширович атынан, бір жағынан, және ИП "Ешимкулов Н.Т." бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, 18.04.2011ж. Серия 07915 № 0016040 Куәлік, негізінде әрекет ететін Жеке кәсіпкер ЕШИМКУЛОВ НАУРЫЗГАЛИ ТАТТИГАЛИЕВИЧ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2019 жылғы «9» қыркүйектегі № 31/19)«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 746732 негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1-қосымшаға сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындау шартымен осы Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Мердігер _____елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ, Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, толтырылады).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы 23324000.00 (жиырма үш миллион үш жүз жиырма төрт мың) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Стандартта аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.2.1. Бұл ретте, егер Тапсырыс беруші Шартқа сәйкес Жұмыстардың нәтижесіне түзетулер енгізуді талап еткен жағдайда, онда Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде жүргізеді, бірақ Мердігер Жұмыстардың нәтижесіне Мердігердің толық және тиісінше түзетулер енгізгені туралы Тапсырыс берушінің жазбаша растауын ұсынуы тиіс.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Мердігер авансты (алдын ала төлемді) және төлем шотын қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

Шартта көзделген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету бойынша міндеттеме Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлеу көзделген жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Мердігер мерзімі Шартта көрсетілген Жұмыстарды орындау мерзімі аяқталған айдан кейінгі айдың соңына дейін жарамды болатын, Тапсырыс берушімен келісілген нысан бойынша аванстық төлемнің тиісті сомасына аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігі түрінде қағаз жүзінде ұсынады.

Бұл ретте, егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылған жағдайда, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі Шарт бойынша тиісті жылға арналған аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін болуға тиіс. Келесі қаржы жылына Мердігер алдыңғы қаржы жылы өткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады.

Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтарудың банктік кепілдігін ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді аванс төлемей жүргізеді.

Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Стандарттың 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда төлем шотын ұсыну негізінде 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.5.1. Электрондық құжат нысанында Шарттың (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі) аясында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі үшін жергілікті қамту үлесін есептеу;

2.5.2. Тараптардың екеуі де қол қойған Орындалған жұмыстар актісі негізінде берілген Шот-фактуралар.

2.6. Орындалған Жұмыстардың актісі (лері) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жіберіледі. Орындалған Жұмыстардың актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.
2.8. Шот/Шот-фактура Орындалған жұмыстар актісі негізінде жазып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлемге қойылуы (күні көрсетілуі) тиіс.
2.9. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара даулаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді дереу хабардар етуге тиіс, ал Мердігер дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген болса, соманың даусыз бөлігіне қайтадан шот қоюға тиіс. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу үшін және осындайларды түзету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.
2.10. Мердігермен есеп айырысу кезінде Тапсырыс беруші төленуге тиіс соманы бір жақты тәртіппен (өзара есеп жүргізу тәртібімен) мынадай сомаға азайтуға құқылы екендігімен Мердігер келіседі:
- осы Шарттың ережелеріне және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелерге сәйкес Тапсырыс беруші төлеуге қоятын айыппұл санкциялары және/немесе залалдар сомасына;
- Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешектері сомасына.
2.11. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Орындалған жұмыстар үшін Мердігерге тиесілі сыйақы бойынша берешекті өтейді.
2.12. ҚР-да Мердігердің атына ақша аударумен байланысты осы Шарт бойынша шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аудару жөніндегі барлық өзге де шығыстарды, соның ішінде корреспондент-банктердің банк комиссияларын, бірақ олармен шектелмей, Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақша аударумен байланысты барлық шығыстарды көтереді.
2.13. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, төлем 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы шегеріле отырып, осы Шартқа №4 қосымшада белгіленген нысан бойынша Мердігер берген берген төлемге арналған шот/инвойс негізінде (шот-фактура ресімдеусіз) жүргізіледі.
Бұл ретте, Мердігердің:
- егер қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруды болдырмау мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарына салық салудың өзге де ережелері көзделсе, ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 672, 673 және 674-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен дербес қайтаруды жүзеге асыруға,
не
- Мердігердің резиденттік еліндегі есепке алу мақсаттары үшін, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 676-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтаманы салық органынан алуға құқығы бар. Салық органынан анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де алуға құқылы.
Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенция) қолданылатын ережелерінде көзделген тәртіппен Тапсырыс беруші Мердігердің кірістерін Қазақстан Республикасындағы салық салудан босатуға құқылы.

2.13.1. Тапсырыс берушінің Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарау мақсатында Мердігер Шарт жасасу кезінде не Тараптармен келісілген өзге күні және одан әрі орындалған жұмыстардың әрбір актісімен бірге Тапсырыс берушіге шартқа №6, №7 қосымшалардың нысаны бойынша ақпарат береді. ҚР Салық кодексінің 666-бабына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігердің ақпараты негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Қазақстан Республикасында Мердігердің тұрақты мекеме құру фактісі анықталған кезде Тапсырыс беруші Мердігердің Қазақстан Республикасындағы кірістерін босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы емес. Мердігер Шартқа көрсетілген қосымшалардың нысаны бойынша ақпаратты ұсынбаған/толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге кірісті төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген 20% мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстайды (Конвенция ережелерін қолданбай). Егер Мердігердің ақпаратын тексеру нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін анықтамаса, Мердігер Тапсырысшы Конвенция ережелерін қолдануы мақсатында Тапсырысшыға оның резиденттігін растайтын, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген құжатты ұсынады.

2.14. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғалары немесе Мердігердің қызметкерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері) не Шарт шеңберінде Мердігер тартқан Мердігердің бірлесіп орындаушысының (қосалқы мердігерінің) қызметкерлері болып табылатын азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – Қызметкер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын деп танылса (яғни осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданылатын; Орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) қойылатын күнтізбелік жылы аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күннен кем (келу мен кету күндерін қоса алғанда) болса), мұндай Қызметкердің табысына Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығын (бұдан

әрі – ЖТС) салуға жатады деп айқындалған. Қызметкердің табысынан ЖТС ұстаудың уақытылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі.

ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың мынадай тармақшаларымен белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

2.14.1. Өз салық міндеттемелерін орындау мақсатында, Тапсырыс беруші Шарт бойынша әрбір төлем үшін Қызметкерден ЖТС төлеу есебіне осындай әрбір төлем сомасының 80 пайыздан 10 пайыз ұстауға есептелген соманы ұстап қалады.

2.14.2. Мердігер Тапсырыс берушіге №5 Қосымшада көрсетілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар осы Қызметкерлер паспорттарының (Қызметкерлердің жеке басын растайтын заңмен көзделген басқа да құжаттардың) көшірмелерін және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болған уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, барлық Қызметкерлер бойынша деректерді көрсетіп, мынадай мерзімдерде ақпарат береді:

(1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасасқан жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, шарт жасалған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс);

(2) Орындалған жұмыстардың әрбір актісіне қол қойылған күні (ақпарат Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс).

Көрсетілген құжаттар әрбір қызметкердің ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез-келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (бір жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғанын/болмағанын айқындау және ЖТС сомасын айқындау үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады.

2.14.3. Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде мыналар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) қызметкердің еңбек шарты және (немесе) Қызметкермен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде Қызметкердің жалдамалы жұмыстан алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын, Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де құжат.

2.14.4. Шарттың 2.15.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Шарттың 2.15.2 және 2.15.3-тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттар негізінде Орындалған жұмыстардың соңғы актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Мердігерге (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін.

Тапсырыс беруші Шарт аяқталған күнгі жағдайы бойынша мынадай талаптар бір мезгілде орындалған кезде, қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.15.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша айқындайды:

(1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.15.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылса;

(2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде Шарттың 2.15.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар табыс етілсе.

2.14.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

ЖТСқайт = ЖТСұст-ҚТК*10%,

мұнда

ЖТСқайт – Мердігерге қайтарылуы тиіс ЖТС сомасы,

ЖТСұст – Шарттың 2.15.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы,

ҚТК – ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлердің кірістері, егер осы кірістер Шарттың 2.15.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған болса. Кіріс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күн саны үшін айқындалады.

2.14.6. Мердігер Шарттың 2.15.2 және 2.15.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ Шарттың осы 2.15.2-тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілгендер қатарынан кемінде бір Қызметкер ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны айқындалса, және Шарттың 2.15.3-тармақшасы шеңберінде ол бойынша құжаттар ұсынылмаса, онда Шарттың 2.15.1-тармақшасы бойынша Тапсырыс беруші ұстап қалған барлық ЖТС сомасы Мердігерге қайтарылуға жатады және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Дұрыс емес ақпарат беруді қоса

алғанда, осы Шарттың осы тармағын Мердігер тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді.

2.15. Мердігердің Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге, оның ішінде Шарт жасасу кезінде орындалуы тиіс жұмыстардың немесе осы үшін қажетті шығыстардың толық көлемін көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да, талап етуге құқығы жоқ.

2.16. Мердігердің іс жүзіндегі шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілгендерден аз болғанда және Мердігер алған үнем орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.17. Салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.18. Осы Шарттың Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

3.2. Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруі мүмкін Жұмыстардың шекті көлемі Шартқа №2 қосымшада көрсетіледі.

3.3. Егер Шарттың нысанасы жобалық және (немесе) іздестіру, құрылыс немесе құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау болып табылса, онда барлық ықтимал тәуекелдерді, оның ішінде Шартты орындаудың кездейсоқ мүмкін еместігінің тәуекелін Мердігер көтереді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы құнының 3 % мөлшерінде ішінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Стандарттың 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, мердігерге қолданылмайды.

4.1.3. Тапсырыс берушіге соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен бірге Шарт аясында орындалған Жұмыстардың көлемі бойынша жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат түрінде беру (Жүйеде беріледі).

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.5. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімде және ережелерде орындалған жұмыстарға мынадай құжаттарды:

4.1.5.1. Шарттың нысанасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Орындалған жұмыстар актісі;

4.1.5.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген шот-фактура.

4.1.6. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару аудару арқылы (ақшалай жарна болған жағдайда) немесе Мердігерге банк кепілдігінің түпнұсқасын беру арқылы жүзеге асырылады.

Енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Мердігерге мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап 10 (он) күндік мерзім өткеннен кейін Мердігердің шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзғанын көрсете отырып жүргізетініне Мердігер келіседі.

Ұстап қалғаннан кейін қалған Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Мердігерге ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап, сондай-ақ ол жол берген Шарт талаптарының бұзушылықтарын жойған және жоюға болатындарын жойған (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) күннен бастап Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілместен 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Бұл ретте, Тапсырыс беруші сотқа талап арыз бергенге дейін Мердігер айыппұл санкцияларын толық төлеген жағдайда не Мердігердің айыппұлды толық төлеу бойынша берешегі Шарттың талаптарына сәйкес Мердігерге төленуге тиіс соманы Тапсырыс берушінің азайтуы арқылы өтелген (сол мерзімде) жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуі ұсталынбайды және Мердігер Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді.

Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтағанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттерді Мердігердің жасауына жол берілмейді.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Стандарттың 43-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылмайды.

Шарттың осы тармағының ережелері Консорциумдарға қолданылмайды.

4.1.7. Тапсырыс берушіге берілетін Жұмыс нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етуге. Шартта көзделген жұмыстарды уақытында және сапалы орындауға, бұл ретте:

1) қолданылатын құқық талаптарын, оның ішінде экологиялық заңнаманың, Шарттың талаптарын (Шарттың 4.1.1.-тармақта көрсетілгендей) орындауға;

2) егер осы Шартта (оның ішінде Техникалық ерекшелікте) өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген Жұмыстарды өз күшімен, материалдармен және құралдармен (персоналмен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, машиналармен және тетіктермен, арнайы техникамен және т.б., құралдармен және аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) орындауға.

4.1.8. осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін барлық қажетті рұқсат беру және кез келген өзге де құжаттар мен өкілеттіктерді дербес және өз есебінен алуға және иеленуге, соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей:

- орындалатын жұмыстарға арналған лицензиялар, сертификаттар;
- шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар;
- Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны Мердігердің беруі немесе орындауы нәтижесінде немесе салдарынан орын алуы мүмкін құралдарға, жабдыққа, технологияға немесе оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді;
- Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін басқа да рұқсат беру құжаттары.

4.1.9. өз персоналын, жабдықтары мен материалдарын кез келген жерден Жұмыстарды орындау орнына дейін және кері қарай тасымалдауды жүзеге асыруға. Өз жабдықтарын жақсы жарамды күйде ұстауға және Жұмыстарды орындау орнында Мердігердің қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары мен материалдарының кез келген уақытта жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

4.1.10. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі осы Шарт бойынша Мердігердің міндеттерін тиісінше орындауға, сондай-ақ:

- Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес келетін тиісті сападағы; материалдар мен жабдықтарды тасымалдаған жағдайда, олардың ыдыстары мен қаптамасы тасымалдау мен тиеу-түсіру жұмыстары кезінде материалдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз ететін болады;
- қандай да бір міндеттемелерден және ауыртпалықтардан бос (Жұмыс нәтижесі құрамында Тапсырыс берушіге берілетін материалдар мен жабдықтар үшін қолданылады), соның ішінде олар Тапсырыс берушіге берілу сәтінде Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналыс режиміне шығарылуға тиіс;

4.1.11. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

4.1.12. Қазақстан Республикасының еңбек және табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің экологиялық саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және сол тектестерге қатысты саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және сол тектестерге қатысты саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатының, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-нің өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын сақтауға; Осымен Орындаушы осы тармақта көрсетілген құжаттардың талаптарымен танысқанын және келісетінін растайды және олардың талаптарын бұлжытпай сақтауға міндеттенеді.

4.1.13. осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігер қолданатын жабдықтар мен механизмдерге техникалық қызмет көрсету, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша барлық шығыстарды өз есебінен көтеруге;

4.1.14. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс беруші мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге.

4.1.15. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің жұмысына өз әрекеттерімен кедергі келтірмеуге;

4.1.16. Орындалатын жұмыстардың сапасына бақылау жүргізуге, орындалатын Жұмыстардағы кемшіліктердің алдын алу мен жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

4.1.17. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартты орындаумен байланысты кез келген (дұрыс) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Жұмыстарды орындауға қатысты іс-қимыл мәртебесі бойынша ақпарат пен растайтын құжаттарды (мысалы, Мердігердің Жұмыстарды орындау үшін материалдарды алғанын растайтын актілердің

көшірмелері және т.б.) беруге міндеттенеді. Бұл ретте, ақпарат берудің сипатын, көлемі мен нысанын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші айқындайды.

4.1.18. Тапсырыс берушіні дереу ескертіп, оның нұсқауларын алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға:

а) Тапсырыс беруші үшін Жұмыстарды орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдарын;

б) теріс нәтиже немесе Жұмыстарды одан әрі орындаудың орынсыздығын;

в) орындалатын Жұмыстар нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде орындауға мүмкіндік бермейтін Мердігерге байланысты емес өзге де мән-жайларды байқағанда Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және оның нұсқауларын алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға. Жұмыстарды орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші жұмыстарды тоқтату туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.19. үшінші тұлғаларда Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Жұмыс нәтижелеріне айрықша және өзге де құқықтардың және сәйкесінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді;

4.1.20. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарын тиісінше орындамаудан, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттерден туындаған оған келтірілген барлық шығындарды өтеуге; Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Мердігер орындаған Жұмыстарға кінәрат қойып, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынатын немесе залалдардың қандай да бір сомасы өндіріп алынатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) мен залалдың сомасын дереу өтеуге тиіс.

4.1.21. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық мәліметтерді (қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

4.1.22. Мердігер Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын Мердігер мен қосалқы мердігерлердің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді.

4.1.23. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып орындауға, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді есептеудің уақтылығы мен дұрыстығын, сондай-ақ салық есептілігінің дұрыс жасалуы мен оның салық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда, осы Шарттың осы тармағы мен өзге ережелерін Мердігер тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.24. Осы Шарттың 7.2.4-тармағында белгіленген жауапкершілік шеңберінде, Тапсырыс берушіге залалдарды өтеу міндеттемесін атқару тәртібімен, Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде Шарттың жоғарыдағы тармағында көзделгендерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шеңберінде, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтап, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС-дан асып кету сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған не қосымша салықтар есептелген жағдайда, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті Хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-ның асып кеткен бүкіл сомасын өтеуге, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де салынған салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап тікелей Мердігердің өзімен арадағы өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауы, қосылған құн салығының қайтарылмауы және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелу жағдайларына әкеп соққан Мердігердің Өнім берушілермен өзара қарым-қатынастарына да қолданылуы тиіс;

4.1.25. Егер Шартта Мердігердің материалдарды/тауарларды, оның ішінде алыс-беріс материалдарын/тауарларды жұмыстарды орындау үшін жеткізуі көзделсе, онда Мердігер отандық материалдарды/тауарларды олар Қазақстанда өндірілген жағдайда сатып алуға міндетті.

Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен оның жұмыстарды орындау үшін материалдар/тауарлар сатып алу шарттарын алдын ала келісуге міндетті.

4.1.26. Егер Шарттың нысанасы белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер сметалық, жобалау алдындағы, жобалау

(жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жүйеде келтірілген коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алуға міндетті.

Мердігер Тапсырыс берушімен Шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде (тендер қорытындылары бойынша) коммерциялық ұсыныстарды тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігер сатып алынатын тауардың өндірушісімен және/немесе тендер қорытындылары шығарылатын күнге ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс.

Бұл ретте коммерциялық ұсыныстар тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін берілген жағдайда, коммерциялық ұсыныс берілген кезде ұсынылатын тауарларды жеткізуге арналған шарт болған жағдайды, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды.

Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені орындамағаны үшін Шарттың жалпы құнының 5% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, Орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне Тараптарқол қойғанға дейін Мердігер оны төлеуге тиіс немесе оны Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

Мердігердің Тараптар Орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне, сатып алынатын тауарлардың өндірушісінен(өндірушілерінен)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмесіне(көшірмелеріне) қол қойған күнге дейін тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындағанының растамасы болып табылады.

Егер Шарттың нысанасы жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көрсетуге міндетті.

4.1.27. «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамадан өту (әкімшілік ғимараттарда немесе Тапсырыс берушінің аумағында Жұмыстарды орындаған жағдайда);

4.1.28. Егер сатып алу туралы шарт тендер қорытындылары бойынша жасалған жағдайда, тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандардың жұмыстарды орындауы.

Бұл ретте, Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды баламалы мамандарға ауыстыруға құқылы.

4.1.29. Егер осы Шартты орындау шеңберінде тауарларды жеткізу көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын , орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

4.3.2. Мердігерден Орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде шағымдар болмаған жадғайда Орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюға.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (дерді) жасау.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Мердігерге қайтару.

4.3.5. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

4.3.6. Мердігерге осы Шартта көзделген көлемде және жағдайларда Жұмыстарды орындауға жәрдем көрсетуге, оның ішінде Тапсырыс берушіге байланысты (және Мердігерге байланысты емес) Жұмыстарды сапалы және уақтылы орындауға ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.4. Мердігер құқылы:

4.4.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (терді) талап етуге.

4.4.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;

4.4.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

4.4.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.4.5. Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

4.4.6. Тендерлік өтінім құрамында тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) Шартқа №2 Қосымшада көрсетілген көлемде жұмысты қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге.

4.4.7. Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге қажетті ақпараттың толық көлемін ұсынуын талап етуге құқығы бар.

4.5. Тапсырыс беруші құқылы:

4.5.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

4.5.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.5.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.5.4. Жұмыстардың орындалу барысын және Жұмыстардың ҚР-да қабылданған талаптарға сәйкестігін Жұмыстарды орындаудың кез-келген кезеңінде бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

4.5.5. Тапсырыс беруші осы Шарттың мәселелері бойынша Мердігердің кез келген техникалық немесе өзге ақпаратына қол жеткізуге құқылы.

4.6. Тапсырыс беруші мен Мердігер, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері, қызметкерлері, агенттері мен қызметшілері ҚР Салық кодексінің ережелерін және оларға қолданылатын басқа да ережелерді, соның ішінде есептерді жасау мен беру және кез келген салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеу міндеттемелерін сақтау үшін жауапты болады.

4.7. Тараптардың әрқайсысы өзіне заңнамамен жүктелген салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді аударуға тиіс.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Мердігердің орындалған Жұмыстарды тапсыруы және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы Тараптардың екеуі де қол қойған орындалған жұмыстар Актісімен ресімделеді.

5.1.1. Бұл ретте: 1) Шарт электрондық құжат түрінде жасалған жағдайда: - Жұмыстардың орындалуын растайтын құжат(тар) Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін Қордың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Жүйе) арқылы жіберіледі; - Орындалған жұмыстар актісін ресімдеуді Мердігер жүйе нысаны бойынша электрондық құжат түрінде жүргізеді; 2) Шарт қағаз жүзінде жасалған жағдайда, Орындалған жұмыстар актісін ресімдеуді және жіберуді Мердігер Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (esf.gov.kz веб-порталы) арқылы осы ақпараттық жүйенің нысаны бойынша жүзеге асырады.

5.2. Мердігер Жұмыстар толық көлемде аяқталғаннан кейін не Жұмыстардың жекелеген бөліктері аяқталғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей (егер №1 қосымшада аралық төлемдер көзделген болса), Орындалған жұмыстар актісін (Мердігер тарапынан қол қойылған) Тапсырыс берушіге қол қоюға ұсынады және оған мынадай атқарушылық құжаттаманы береді: - есеп(тер), - заңнамада белгіленген тәртіппен қол қойылған Жұмыстар объектісін пайдалануға қабылдау туралы акт (Орындалған жұмыстардың қорытынды актісіне қосымша ретінде), - өзге де құжат. Жұмыстарды аралық қабылдау жағдайында, Жұмыстарды толық көлемде орындау аяқталғанға дейін Тараптар Орындалған жұмыстар актілеріне қол қою арқылы Жұмыстарды орындаудың жекелеген кезеңдерін тапсыру-қабылдауды жүзеге асырады. Егер №1 қосымшада аралық төлемдер және сәйкесінше, Жұмыстарды бөліп қабылдау көзделсе, онда Жұмыстардың жекелеген кезеңдерін орындау мерзімдері Күнтізбелік кестеде немесе Техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

5.3. Тапсырыс беруші Мердігерден Орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындалған жұмыстардың нәтижелерін Шарт талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды және тексереді (оның ішінде Орындалған жұмыстар актісі мен атқарушы құжаттаманы қарайды).

5.4. Жұмыстар бойынша ескертулер болмаған жағдайда Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қойып, Мердігерге жібереді. Жұмыстардағы кемшіліктер немесе Жұмысты нашарлататын шарттан ауытқулар анықталған жағдайда, оларды қабылдау кезінде Тапсырыс беруші осы Шарттың 5.3-тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге дереу бұл туралы жазбаша мәлімдейді, бұл ретте Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша:

5.4.1. Жұмыс нәтижелерін (соның ішінде Жұмыстардың нәтижелерін тағайындалған мақсатына пайдалануды мүмкін етпейтін және Мердігер, Тапсырыс беруші немесе өзге тұлға жоя алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда) қабылдаудан және оларды төлеуден бас тартуға, ал егер олар төленген болса, Жұмыстар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге және алуға, сондай-ақ залалдарды өтеуді талап етуге және алуға құқылы. Тапсырыс беруші актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тараптар (Тапсырыс

беруші тарапынан тиісті талап болған жағдайда) қажетті пысықтаулардың және оларды орындау мерзімдерінің тізбесімен екі жақты акт жасайды (осы Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан жағдайлардан басқа);

5.4.2. Тапсырыс берушіден хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерден Жұмыстар үшін белгіленген бағаны мөлшерлес азайтуды не Мердігердің Жұмыс кемшіліктерін жоюын талап ете отырып, өз қалауы бойынша Жұмыс нәтижелерін қабылдауға;

5.4.3. кемшіліктерді өз қаражатымен немесе үшінші тұлғалардың күшімен түзеткен кезде өзіне келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте Тапсырыс беруші Шарттың 5.5-тармағына сәйкес белгіленген мерзім шегінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі шығыстарды жабу үшін Мердігерге тиесілі төлемнің бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Жұмыстарды қабылдау кезінде оларда кемшіліктер анықталған кезде (қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықтала алмайтындарынан басқа), Орындалған жұмыстар актісінде не қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта Тараптар бұл кемшіліктерді не оларды жою туралы кейіннен талап қою мүмкіндігін алдын ала ескереді.

5.5. Жұмыстарды қабылдау кезінде (Шарттың 5.4-тармағында көрсетілгендей) кемшіліктердің анықталуына байланысты, сондай-ақ оларды кейіннен Шартқа №2 Қосымшада көзделген кепілдік мерзімі ішінде не ҚР Азаматтық кодексінде көзделген өзге де мерзімде анықталуына байланысты, Тапсырыс беруші Шарттың 5.4-тармағында белгіленген талаптарды қоюы мүмкін.

5.6. Егер заңнамада көзделген жағдайларда орындалған Жұмыстардың нәтижелерін тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісуін (аттестациялауды, рұқсатты, тіркеуді, рұқсат беруді) алмай пайдалануға жол берілмейтін болса, Мердігер Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекітуді/келісуді алу бойынша барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті болады.

5.7. Мердігердің осы Шарт бойынша қажетті бекітуді/келісуді (құзыретті органдардан және (немесе) ұйымдардан) алуы мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді алдын ала хабардар ете отырып, Мердігердің есебінен осындай бекітуді/келісуді орындау үшін үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға құқылы (Шарттың нысанасы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылатын жағдайлардан басқа).

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындалған жұмыстардың сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген жұмыс түрі бойынша тиісті салалары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасындағы мемлекеттік стандарттарға/белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстардың Тапсырыс беруші Жұмыстарды қалыпты пайдаланған кезде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Заңнамада немесе Шартта (Шартқа №2 Қосымшада) Мердігердің Тапсырыс берушіге Жұмыс сапасына кепілдік беруі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сапа кепілдігі Жұмыстардың нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкес келмейтіні анықталса, Тапсырыс беруші Тараптармен келісілген мерзім ішінде тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап Мердігер өз есебінен ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығыстарды Мердігер көтереді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,01%-ы мөлшерінде, кешіктірудің әрбір күнтізбелік күні үшін, бірақ уақтылы орындалмаған Жұмыстардың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Жоба алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында өкілетті мемлекеттік органмен қалыптастырылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және олардың жеткізушілерінің (бар болса) дереккорына енгізілген құрылыс материалдар, жабдық, бұйымдар және құрылымдар негізсіз болмаған жағдайда Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы сомасынан кемінде 10% мөлшерде айыппұл түрінде жауапты болады немесе Тапсырыс беруші бұл соманы Тараптардың соңғы орындалған Жұмыстардың актісіне қол қою сәтіне дейін ұстайды.

7.2.3. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстарда жергілікті қамтудың үлестің нақты есебін бермеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың сомасынан 0,01% мөлшерінде айыппұлды төлейді;

7.2.4. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігердің осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін орындалуы/орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісті түрде жүзеге асырылмаған Жұмыстар құнының 10% мөлшерінде

(Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайлардан басқа) айыппұл төлеуге және көрсетілген айыппұлға қоса, шығынды толық сомада өтеуге міндетті.

7.2.5. Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасы азаматтарының және шетел азаматтарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бергені үшін Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тапсырыс берушімен осы Шарт бойынша төленетін өсімпұлдың (айыппұлдардың) сомасын шегеруге келіседі.

7.4. Егер Мердігер Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен осы Шартты бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады, осы Шартқа қол қойылған күннен басталатын кезеңде және Шартта көзделген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген күнге дейін шетелдік валюталарға қатысты ҚР Ұлттық валютасы бағамының 20 (жиырма) және одан да көп процентке айтарлықтай төмендеуіне байланысты Мердігердің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуден бас тартуы жағдайларын қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Холдингтің Сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін ақпарат жіберіледі.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдерді негізсіз мерзімінен кеш төлеген жағдайда (соның ішінде аванс төлемдерді) Тапсырыс беруші Мердігерге қарыздың жалпы сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін қарыз сомасынна 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлейді.

7.5.2. Мердігердің Шартты орындауды қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шартты орындауды қамтамасыз етудің сомасынан 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлейді.

7.5.3. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 10% аспайтын мөлшерде әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін орындалған Жұмыстардың актісінің сомасынан 0,01% мөлшерінде өсімпұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.5.4. Тапсырыс беруші құжаттарды тапсыру мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда (егер шартқа сәйкес Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттарды тапсыруды міндетті болса) Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудың нәтижесінде орын алған залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Холдингтің сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

7.7. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

7.8. Шарттың мерзімі аяқталғанда Тапсырыс берушінің алдын ала төлемінен кем сомаға Жұмыс нақты орындалғанда Тапсырыс беруші төленген авансты қайтаруды қамтамасыз етудің сомасынан сәйкес айырманы ұстап алуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тапсырыс беруші заңнамаға немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес талап ететін ақы төлеу (берешекті, тұрақсыздық айыбын және/немесе айыппұлды, залалдарды, өзге де шығыстарды төлеу) үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге төлем талабы Жұмыстарға ақы төлеу және берешекті, тұрақсыздық айыбын және/немесе айыппұлды, залалдарды, шығыстарды төлеу бойынша қарсы біртекті талаптарды есепке алуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігіне Мердігер келіседі.

7.11. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талап етуі бойынша талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде алынған ақша қаражатын (жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен шығысы расталмағанын) қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір мерзімі өткен күн үшін қайтарылуы тиіс соманың 5% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.12. Тапсырыс берушінің Мердігерге залалдарды өтеу жөніндегі кез келген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес расталған мүліктегі нақты залалды ғана өндіріп алумен шектеледі.

7.13. Холдингке кіретін ұйым болып табылатын Мердігер Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілуге жатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Стандартқа сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Стандарттың тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Жұмыстарда негізді жөнсіздіктің себебінен, атап айтқанда:

8.3.3.1. Апаттық жағдайға немесе экономикада басқа теріс құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығындары азайғанда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалық атқарушы органының/байқау кеңесінің (басқару органының/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысы) алқалық атқарушы органы/байқау органы болмаған жағдайда) шешімінің негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

Жұмыстарда негізді жөнсіздікке байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге шығындарды өтеу шартымен шартты орындаудан бас тартуға рұқсат беріледі.

8.4. Осы Шарттың 8.3.1 және 8.3.3-тармақшаларында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу Тапсырыс берушінің Мердігерге бас тарту туралы хабарлама жіберуі арқылы дереу жүзеге асырылады. Осы Шарттың 8.3.2-тармақшасында көрсетілген жағдайларда, Шартты бұзу осы Шарттың 7.4-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын бас тарту туралы хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші Шартты Шарттың 7.4-тармағына сәйкес бұзған жағдайда, Шартты бұзу Тапсырыс берушінің Мердігерге бас тарту туралы хабарламаны Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 1 (жұмыс) күн бұрын жіберуі арқылы жүзеге асырылады.

8.5. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды.

Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кесірінен бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты тиісті түрде орындамау нәтижесінде пайда болған шығындарды және залалдарды, сонымен қатар өсімпұл мен айыппұл сомаларын өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Мердігерге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген болса, Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тартуына жол беріледі. Тапсырыс беруші Шартты Мердігердің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Шартта көзделген айыппұл санкцияларының сомасын төлеуге, сондай-ақ жіберілген пайданы қоса алғанда, залалды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

8.8. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосымша жазбаша келісім түрінде ресімделсе, оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды деп есептеледі.

8.9. Стандарттың 71-бабы 1-тармағының 16) тармақшасында көзделген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банк деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт оған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2022 жылға дейін, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Сондай-ақ егер ереуілдерге, наразылық акцияларына, локауттарға, өзге де еңбек жанжалдарына байланысты не мемлекеттік билік органының немесе «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының компаниялар тобына кіретін ұйымдардың Шартты орындаудың мүмкін еместігіне әкеп соққан тыйым салу сипатындағы шешімдер немесе шаралар қабылдауы және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс басқа да жағдайлар салдарынан Тараптардың қандай да біреуінің міндеттемелерді орындауы мүмкін болмаған болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары және/немесе Шарттың 11.1 және 11.3-тармақтарында көрсетілген өзге де жағдайлар туындаған кезде, міндеттемелерді орындау осы жағдайлардың болу уақытына кейінге қалдырылады.

11.5. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар туындайтын елде уәкілетті органдар берген сертификаттар осындай жағдайлар мен олардың ұзақтығының жеткілікті дәлелі болып табылады.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында

тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.7. Мердігер Шарт бойынша Мердігердің иелерін, директорларын, лауазымды адамдарын, қызметкерлері мен агенттерін шектеусіз қоса алғанда, осы Шарт бойынша әрекет ететін, өзімен үлестес барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Аффилиирленген тұлға» деп аталады) осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Мердігер және барлық аффилиирленген тұлғалар тікелей немесе жанама түрде келесі әрекеттерді жасамауға міндеттенеді:

13.8.1. КҚС үшін заңсыз алу, бизнесті сақтау немесе жүргізу не заңсыз артықшылықтар алу мақсатында мемлекетке байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақша қаражатын төлеуге, ұсынуға, уәде етуге не төлеуге рұқсат етуге немесе өзге де құндылықтарды (сыйлықтар, ойын-сауық және субсидияларды қоса алғанда) беруге.

13.8.2. коммерциялық параға сатып алуды және бизнесті жүргізудің өзге де заңға қайшы және заңсыз құралдарын қоса алғанда, коммерция саласында парақорлыққа тыйым салатын қолданыстағы заңдарды бұзатын өзге де әрекеттер жасамауға.

13.9. Мердігер мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайды және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын саяси маңызы бар тұлғалары болмайды. Мердігер қандай да бір саяси маңызы бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған не орындаушыға тікелей немесе жанама қатысу үлесін алған барлық жағдайлар туралы КҚС жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

13.10. Мердігер қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және тек заңды қаржыландыру көздері бар.

13.11. Мердігер және оның аффилиирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер орындаушы немесе оның қандай да бір аффилиирленген тұлғалары осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Мердігер КҚС-ке жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.12. Мердігер «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС (бұдан әрі – КҚС) Іскерлік этика Кодексімен және КҚС-тың ресми веб-сайтындағы КҚС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен танысқанын растайды. Мердігер КҚС іскерлік этика кодексін және КҚС сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатты толық түсінетіндігін куәландырады.

13.13. Мердігер осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда КҚС-ке адал көмек көрсетуге және жәрдемдесуге міндеттенеді, оның ішінде өз иелеріне, директорларына, лауазымды адамдарына және өзге де аффилиирленген тұлғаларына сауалнама жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.14. Мердігер КҚС-тың қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы КҚС-ке уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Мердігер ол туралы ақпаратты КҚС-тың ресми веб-сайтында жарияланған «жедел желісін» пайдалануға міндетті.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Шарттың 14.1-тармағының бірінші абзацы, егер Шарт Қордың Сатып алу жөніндегі операторымен келісілгеннен кейін Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы бекіткен, шарттың орындалу талаптары мен нәтижелерінің үшінші тұлғаларға беймәлім болуына байланысты коммерциялық құндылығы бар болатын сатып алу тізбесі бойынша бір көзден алу тәсілімен, холдингішілік кооперация шеңберінде бәсекелес келіссөздер жүргізу жолымен тендер тәсілімен жасалған жағдайда (Қордың Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 11-1-бабы 1-тармағының 9) тармақшасын және 2-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда), Тараптардың қатынастарына қолданылмайды.

14.4. Құпия ақпаратқа мыналар жатады:

14.4.1. Тараптардың қаржылық не шаруашылық қызметіне іскерлік қатысы бар мән-жайлар;

14.4.2. Тараптардың Шартты орындауға қатысы бар лауазымды тұлғалары туралы мәліметтер, оның ішінде олардың жеке деректері

(тегі, мекенжайы, телефондары және т.б.);

14.4.3. Шарттың мәніне қатысы бар үшінші тұлғалар туралы ақпарат, олардың лауазымды тұлғаларының аттары мен басқа жеке деректерін қоса алғанда;

14.4.4. Шарт бойынша ақы төлеу туралы ақпаратты қоспағанда, Шарттың орындалу барысы туралы ақпарат;

14.4.5. Тараптар Шартты орындау барысында құпия деп таныған кез келген өзге ақпарат.

14.5. Тараптар құпия ақпаратты заңсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залалдар үшін бір бірінің алдында жауапты болады.

14.6. Тараптар осындай ақпараттың құпиялылығын олардың персоналының, өкілдерінің, агенттерінің сақтауын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауы тиіс. Мердігер оның персоналының, өкілдерінің немесе контрагенттерінің құпия ақпаратты ашқаны үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тараптар құпия ақпаратты жарияламау туралы тиісті келісімге қол қоюға тиіс.

15. Басқа шарттар

15.1. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

15.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

15.4. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тарапқа толық немесе ішінара беруге құқылы. Мердігер өзінің құқықтары мен ол бойынша міндеттерін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен ғана үшінші тарапқа толық немесе ішінара беруге құқылы.

15.5. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар:

1) №1 Қосымша – «Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі»;

2) №2 Қосымша – «Техникалық ерекшелік»;

3) №3 Қосымша – «Жергілікті қамту үлесі есебінің нысаны»;

4) №4 Қосымша – «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім»;

5) №5 Қосымша – «Серіктестіктің ішкі актілерінің, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің бұзушылықтары мен құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік».

6) №6 Қосымша – «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша ақпарат».

7) №7 Қосымша - «Анықталған бұзушылықтар үшін жауапкершілік»;

8) №8 Қосымша - «Еңбек қатынастары саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар».

9) №10 Қосымша - "Санкциялық ескертпе".

16. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Кен-Құрылыс-Сервис" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ, н / ж
БСН 980740002360
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ646010351000001305
АО «Народный сберегательный банк Казахстана»
Тел.: +7 (729) 349-3500
Директордың өндіріс бойынша орынбасары Биманов Абдирахман Аширович

29.09.2022 15:42:26

ИП "Ешимкулов Н.Т."
Атырау облысы, У.Махамбета 116Г, 116Г
БСН 740329301378
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ248560000004348071
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: +7 (712) 231-5959
Жеке кәсіпкер ЕШИМКУЛОВ НАУРЫЗГАЛИ ТАТТИГАЛИЕВИЧ

29.09.2022 17:16:02

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1864409163

№1 қосымша

№746732/2022/1 от 29.09.2022 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
11 Р	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу/түзету/есептеу/жасау бойынша жұмыстар	«Өзен кентіндегі ККС» ЖШС асфальт-бетон зауытын монтаждау» нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу.	1.000	1.000	-	Иә	23 324 000	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Жанаозен Г.А., промзона, склад ТОО "Кен-Курылыс-Сервис"	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2022 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

Құжат «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ электронды порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»

1864409163

Қосымша №2
Шартқа №746732/2022/1 от 29.09.2022 жылғы

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

746732 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (11 Р, 2773040)

Тапсырыс беруші: "Кен-Құрылыс-Сервис" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Мердігер: ИП "Ешимкулов Н.Т."

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	11 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу/түзету/есептеу/жасау бойынша жұмыстар
Қосымша сипаттама	«Өзен кентіндегі ККС» ЖШС асфальт-бетон зауытын монтаждау» нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., промзона, склад ТОО "Кен-Курылыс-Сервис"
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2022 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 90%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

№ Негізгі деректер мен талаптардың тізбесі

1 Жобалау негізі

Өндірістік бағдарлама және 2022 жылғы бюджет

2 Құрылыс түрі АБЗ және РБУ объектісінің жаңа құрылысы

3 Жобалау кезеңділігі Бір сатылы, жұмыс жобасы

1.

2.

3.

4.

4

Объектілердің орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, өнеркәсіптік аймақ

5 Нұсқалық және конкурстық әзірлеу жөніндегі талаптар

Талап етілмейді

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

6 Құрылыстың ерекше шарттары

Құрылыс ауданының климаты континенттік, сейсмикалығы 6 баллдан төмен ҚР БК 2.03-30-2017 "Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс"бойынша

7 Жобаның мақсаты

Асфальтбетон қоспасын өндіру;

Жол желілерін дамыту тиімділігін арттыру;

Маңғыстау облысы автожолдарының сапасын арттыру;

Қазіргі заманғы өндірісті құру арқылы экологияның жай-күйін арттыру.

8 ЖСҚ әзірлеуге қойылатын талаптар

1. ҚР қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу.

2. Жобаның құрамын ҚР ҚН 1.02-03-2022 "құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы" талаптарына сәйкес орындау.

3. Объектінің құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, Климаттық, гидрогеологиялық және сейсмикалық жағдайлары, сондай-ақ топырақтың геотехникалық қасиеттері туралы деректерді ескере отырып әзірленетін аумақты

инженерлік қорғау жөніндегі есепті орындау және ұсыну ҚР ҚЖ 1.02–105–2014

"Құрылысқа арналған инженерлік ізденістер" талаптарына сәйкес.

4. Негізгі ережелер.

5. Жобаның паспортын әзірлеу (объектінің мақсаты мен ерекшеліктері қысқаша сипатталған, негізгі параметрлері, сипаттамалары және ТЭП көрсетілген объект туралы ақпарат)

6. Объектінің энергетикалық паспортын әзірлеу (қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес объектінің энергетикалық сипаттамалары туралы ақпарат, оның ішінде энергия тұтыну жөніндегі деректер және ғимараттың қоршау

конструкцияларын жылумен қорғау жөніндегі есептер).

7. Жоба құрамында кешеннің тұтынылатын қуаттарын ескере отырып, сыртқы инженерлік коммуникацияларды жобалауды қарастыру.

9 Жобалаудың ерекше шарттары

1. Жабдықтың параметрлері ҚР құрылыс саласындағы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Сараптама қорытындысын кезең-кезеңмен алу.

3. Қазақстан Республикасы

Мемстандартының уәкілетті органынан қабылданған құралдар мен өлшеу жүйелеріне метрологиялық сараптама қорытындысын ЖСҚ-да алу.

4. ҚОҚ-ның ЖСҚ-ға бөлімін әзірлеу және оған мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын және қоршаған ортаға эмиссияларға экологиялық рұқсат алу, сондай-ақ экологиялық бақылау

Бағдарламасын (ӨЭК)әзірлеу;

5. Жобаны өртке қарсы органмен ТЖ органдарында тіркеумен келісу.

6. Жобаны СЭН КТ-мен келісу.

7. Жобаны ТЖ газ шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекцияға тіркеуді жүргізсін.

8. Жабдықтар/қондырғылар ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінде тіркеуден өткізілсін.

9. Мемлекеттік органдардан шығарылатын өнімдердің түрлеріне рұқсат алу.

10. Қалдықтарды шешу нормативтерінің жобасын әзірлеу.

11. Кешен, қондырғы жұмысының технологиялық регламентін әзірлеу.

10 Құрылыстың ерекше шарттары

Мердігер тарапынан мыналарды көздеу: объектінің кешенді іске қосу-жөндеу жұмыстарына арналған шығындар; қолданылатын технологиялық жабдықтың қосалқы бөлшектері құрал-жабдықтар, үшін қажетті қалыпты кепілдік мерзімі ішінде пайдалану.

Тапсырыс беруші тарапынан қарастыру: Жер учаскесін бөлу туралы шешім ұсыну

Құрылыс үшін жер учаскесін (трассаны) таңдау актісі және оған қоса берілетін материалдар ұсынылсын.

Жер учаскесіне (жобаланатын құрылыс алаңына) құқық белгілейтін құжаттарды ұсыну.

ҚР нормативтік талаптарына сәйкес жобалау үшін бастапқы деректерді ұсыну.

Қызмет көрсетуші персоналды оқытуды ұйымдастыру.

Объектіні жобалау кезінде "асфальтбетон зауытының" құрылысы мынадай құрамда көзделсін:

1. Бастапқы деректер;

2. "ҚКЖ" ЖШС теңгерімінде бар ДС-185 маркалы/модельді асфальтбетон зауытын орнату;

3. Асфальтбетон зауытының бас жоспарының шешімі;

4. Энергетикалық және сумен қамтамасыз ету (қыздыру-айдау құрылғысы бар битум қоймасы; битумды ағызуға арналған ыдыстар, тас уату қондырғысы);

11 Объектінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, оның ішінде қуаты, өнімділігі, өндірістік бағдарламасы

5. АБЗ технологиялық процесі (қыздыру-айдау құрылғысы бар битум қоймасы; битумды төгуге арналған сыйымдылықтар, тас-ұсақтау қондырғысы);

6. АБЗ технологиялық жабдығын (қыздыру-айдау құрылғысы бар битум қоймасын; битумды төгуге арналған сыйымдылықтарды, тас ұсақтау қондырғысын)монтаждау;

7. АБЗ-да еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (қыздыру-айдау құрылғысы бар битум қоймасы; битумды төгуге арналған сыйымдылықтар, тас-ұсақтау қондырғысы);

8. АБЗ машиналары мен жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы;

9. Жалпы ережелер;

10. Тиеу-түсіру жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасының негізгі ережелері;

11. Асфальтбетон зауытын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының негізгі ережелері.

Бұл ретте жұмыс материалының көлемін және асфальтбетон зауыты үшін шығыстар нормаларын айқындау:

Көлемдік масса және тығыздау коэффициенті:

- ұсақ түйірлі асфальтбетон;

- ірі түйірлі асфальтбетон;

Асфальтбетон қоспасын дайындаудың технологиялық процесі үшін:

- 2 дана мөлшерінде дайын битумның

Шығыс сыйымдылығы V=30 м3 (қосымша);

- Жылыту-айдау құрылғысы бар битум қоймасы;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- Битумды төгуге арналған ыдыстар;

- Тас ұсақтау қондырғысы.

12 Инженерлік жабдыққа қойылатын негізгі талаптар ҚР ҚН 2.02-11-2002 ғимараттарды, үй- жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт дабылы жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен және адамдарды өрт туралы хабардар ету жүйелерімен

жабдықтау нормаларына сәйкес

13 Техникалық талаптар

Жобалау-сметалық құжаттамада барлық өмірлік маңызы бар объектілерде телефон байланысы желісін көздеу (Тапсырыс берушімен келісілген)

14 Өнімнің сапасына, бәсекеге қабілеттілігіне және экологиялық параметрлеріне қойылатын талаптар

Заманауи талаптарға, нормативтерге сәйкестік және қалдықсыз өндіріске және қондырғы жұмысының теріс әсерінен ҚОҚ-ға ұмтылу.

Кәсіпорынның жұмыс тәртібі — диспетчерлік қызметтен басқа 1 Ауысымды сегіз сағаттық (1 Ауысымды 12 сағаттық).

1. Қызмет көрсетуші персоналды оқытуды көздеу;

2. Тиісті бақылаушы органдарда объектіні пайдаланудың технологиялық режимін әзірлеу және бекіту.

Берсін:

15 Технологияға, кәсіпорын режиміне қойылатын талаптар өндіріс технологиясы бойынша қабылданған шешімдердің негіздемесі, өнімді дайындаудың еңбек сыйымдылығы, технологиялық процестерді механикаландыру және

автоматтандыру туралы деректер; аз қалдықты және қалдықсыз технологиялық процестер мен өндірістерді қолдану, жылу мен ұсталған химреагенттерді қайта пайдалану жөніндегі шешімдер;

өнім сапасын бақылауды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар; жөндеу шаруашылығын ұйымдастыру бойынша шешімдер;

Көздеу:

тораптық және блоктық орындау түрінде жоғары зауыттық әзірліктегі жабдықтарды, жиынтық құрылғыларды, ірілендірілген монтаждау тораптарын және инженерлік коммуникацияларды дайындау түрлерін жобалау және жеткізу;

Жабдықты (жөндеуге келіп түсетін және тиеуге дайын), сондай-ақ кәсіпорынның тәуліктік жұмыс нормасын ескере отырып, ақауды қоймалау; алаңдық жер үсті инженерлік коммуникацияларының ішін жылыту және жылу оқшаулау;

келіп түсетін газға, ауыз суға және техникалық суға және электр энергиясына арналған жедел есепке алу тораптары;

газды, ауыз суды және техникалық суды және электр энергиясын есепке алу тораптарынан ақпаратты шығару орталық диспетчерлік пунктте жүзеге

асырылуы тиіс;

өлшеу құралдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшеу құралдарының тізіліміне енгізілуі тиіс;

газды есепке алу тораптары, БӨАжА жабдықтарының қоректендіруші желісін кернеулердің секірулерінен және электр энергиясының ажыратылуынан қорғауды көздеу; объектіні есепке алу тораптары бойынша техникалық шешімдерді

Тапсырыс берушімен алдын ала келісу;

Автоматика жүйесі мен қосалқы механизмдердің электр қоректенуінің негізгі көзі ретінде оларға берілген техникалық шарттарға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымның сыртқы желілеріне қосуды көздеу;

технологиялық желілерді есепке алмағанда цех пен АБК тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін резервтік электр қорегі ретінде-РАҚ 2- сатысы бар дизель отынындағы

резервтік ДЭС;

жылу желілері; жабдықтар мен қондырғылардың кепілдік мерзімі;

байланыс және дабыл;

байланыс жабдықтарын орнатуға арналған үй-жай;

ҚР ҚН 1.02-03-2022.сәйкес нысанды жобалау үшін мыналарды қарастыру қажет:

1. Газ құбыры

2. Ішкі және сыртқы электрмен жабдықтау

3. Ішкі және сыртқы су құбыры

4. Кәріз

16 Сәулет жоспарлау шешіміне және ғимаратты әрлеуге қойылатын негізгі талаптар

5. Битумды, инертті материалдарды және құрылыс жүктерін түсіруге арналған инертті материалдар мен құрылыс жүктеріне арналған алаңдарды жинауға арналған алаңы бар сыртқы және ішкі автомобиль жолдары

6. Битумды төгуге арналған сыйымдылығы

V = 60 м3 - 2 дана және V = 30 м3 - 1 дана

7. ДС-185 асфальт араластырғыш қондырғысы

8. Тас ұсақтау қондырғысы

9. Есепке сәйкес өрт сыйымдылығы және гидранттары бар су көбікті өрт сөндіру

10. Жылы гараж - 2 дана

11. Жөндеу-механикалық шеберханасы (ЖМШ), жылытылатын

12. Қазандық

13. Автокөліктерге арналған шатыр

14. Автомобиль таразысы 60 тонна

15. Май қоймасы

16. Абаттандыру (демалыс алаңы, алаңішілік автожол, сыртқы жарықтандыру)

17. Оттегі, пропан және ацетилен баллондарын сақтау қоймасы

18. Қызметкерлерге арналған шаруашылық тұрмыстық кешені (ШТК) ғимараты

19. Зертханасы бар оператор бөлмесі

20. БӨП

21. Сыртқы дәретхана

22. Қосалқы бөлшектерді сақтауға арналған қойма

23. Техникалық суды сақтауға арналған ыдыс

24. Құм-қиыршықтас қоспасы үшін шатыр

17 Құрылысты ұйымдастыру жобасының талаптары мен көлемі. ҚНжЕ сәйкес ПОС (құрылысты ұйымдастыру жобасы) әзірлеу.

18 Табиғат қорғау шаралары мен іс- шараларын әзірлеудегі талаптар мен шарттар

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес;

Әзірлеу:

қажет болған жағдайда қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары (ШЖБТ және ШЖБШ);

су айдындарын, топырақты және атмосфералық ауаны сарқынды сулармен және өнеркәсіптік шығарындылармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар;

Бүлінген жерлерді қалпына келтіру (қалпына келтіру) (жерге орналастыру ісінің құрамында әзірленеді және жобаның құрамына енгізіледі);

Көздеу:

атмосфераға зиянды шығарындылар мен су көздеріне төгінділердің мөлшері мен құрамы (жеке цехтар, өндірістер, құрылыстар бойынша),

топырақ бетінде жиналуы туралы деректерді ұсыну;

қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерінің алдын алу (азайту) жөніндегі техникалық шешімдер;

19 Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына қойылатын талаптар

Нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес

Көздеу:

қауіпті және апаттық жағдайлардың алдын алу бойынша авариядағы қарсы және өртке қарсы көпдеңгейлі жүйені,

бұғаттауларды, сақтандырғыш және сигналдық құрылғыларды;

ақпаратты оператордың АЖО-на шығарып, кейіннен ақпаратты өрт сөндіру бөліміне жіберетін кешеннің автоматты өрт сөндіру және өрт

дабылы жүйесі;

оператордың пультіне ақпаратты шығара отырып, кешеннің газдануын анықтау жүйесі;

кешенді қауіпсіздікті және терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жүйесі;

Инженерлік жүйелер, күзет, өртке қарсы және дабыл-шақыру сигнализациясы, құлақтандыру құрылғылары, күзет және авариялық жарықтандыру, түтін жою, күзет бейнебақылау, эвакуациялау жолдарына кіруді басқаруды бақылау, сондай-ақ адамдардың

жайғастырылуын қамтамасыз ететін өту жолдары мен алаңшалардың жай-күйіне электрондық мониторинг жүргізу;

